

Қазақ инновациялық гуманитарлық-зан университеті
Гуманитарлық факультет
Филология кафедрасы

БАҒДАРЛАМА ТОБЫ:

B016 - Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ:

6B01707 – ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

(Күндізгі, КОБ негізінде)

ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ

Тұсken жылы - 2020

Семей, 2020 жыл

Курс б/на таңдау №	Пән затаруы	Кредит саны	Пререкви зиттер	Пострекв изиттер	Пәннің қысқаша мазмұндамасы, оқу мақсаты және күтілетін нәтижесі (білім, қабілеті, дағдылары)
БАЗАЛЫҚ ПӘНДЕР					
Таңдаудың пәндер					
1	Тіл біліміне кіріспе	3	-	Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы	<p>Қысқаша сипаттама: Тіл білімінің тарихы. Ондағы дәүірлер мен ағымдар. Тіл білімінің қазіргі бағыт-бағдары. Тілді зерттеу әдістері. Салыстырмалы-тарихи әдіс. Шет елдер тіл біліміндегі концепциялар.</p> <p>Мақсаты: Пәнді оқытудың мақсаты тіл білімінің негізгі ұғымдар жүйесімен және тілдік терминдермен таныстыру, тілдің құрылымдық, жүйелілік, танымдық болмысы, мәні жайлы түсінікті қалыптастыру және де студенттерді тілдік талдау дағдысымен қаруландыру болып табылады.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Білу керек:</p> <ul style="list-style-type: none"> - тіл білімінің салары мен зерттеу объектісін; - тілдердің класификациясы мен типологиясын. <p>Игеру керек:</p> <ul style="list-style-type: none"> - тіл білімінің негізгі зерттеу әдістерін пайдалану; - тіл білімі саласында менгерген білімдерін тәжірибе және ғылыми зерттеу барысында қолдана алу;
1	Тіл теориясы	3	-	Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы	<p>Қысқаша сипаттама: Тілді зерттеу әдістері. Салыстырмалы-тарихи әдіс. Шет елдер тіл біліміндегі концепциялар.</p> <p>Мақсаты: Пәнді оқытудың мақсаты - тілдің құрылымдық, жүйелілік, танымдық болмысы, мәні жайлы түсінікті қалыптастыру және де студенттерді тілдік талдау дағдысымен қаруландыру болып табылады.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Білу керек:</p> <ul style="list-style-type: none"> - тіл білімінің салалары мен зерттеу объектісін; <p>Игеру керек:</p> <ul style="list-style-type: none"> - пәнді оку кезінде қалыптасқан білім, білік, дағдыларды көсіби әрекеттінде ұтымды қолдана білу.
2	Халық ауыз әдебиеті	3	-	Ежелгі дәүір әдебиеті	<p>Қысқаша сипаттама: Студенттерге әлемдік халық ауыз әдебиетіндегі әдістемелік ұқсастықтар мәселелері, фольклордың аузында сөз өнері ретіндегі табигаты, ерекшеліктері, жанрлары, поэтикалық тәсілдері мен құралдары, жазба әдебиетпен арақатынасы, фольклордың зерттелу тарихы жөніндегі негізгі түсінктерді қамтиды.</p> <p>Мақсаты: Халық ауыз әдебиетінің қалыптасуы, дамуы. Ауыз әдебиеті ұлгілерінің жиналануы, жарық көруі. Тұрмыс-салт жырлары, төрт түлік малға қатысты жырлардың туу тарихы, тәрбиелік мәні.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Білу керек:</p> <ul style="list-style-type: none"> -Фольклордың өзіндік табигатын менгереді; - Қазақ фольклорының қалыптасуы, даму кезеңдері жайлы мағлұмат алады; <p>Игеру керек:</p> <ul style="list-style-type: none"> -Қазақ фольклорының көркемдік ерекшелігі және жазба әдебиеттің қалыптасуына әсер-ықпалын бағамдай білуге үрнеді;

2	Фольклористика тарихы	3	-	Ежелгі дәүір әдебиеті	<p>Қысқаша сипаттама: Студенттерге әлемдік фольклортануғының методологиялық ортақтастықтар мәселелері, фольклордың ауызша сөз өнері ретіндегі табиғаты, ерекшеліктері, жанрлары, поэтикалық тәсілдері мен құралдары, жазба әдебиетпен арақатынасы, фольклордың зерттелу тарихы жөніндегі негізгі түсініктерді қамтиды.</p> <p>Мақсаты: Халық ауыз әдебиетінің қалыптасуы, дамуы. Ауыз әдебиеті үлгілерінің жиналуды, жарық көруі. Тұрмыс-салт жырлары, төрт түлік малға қатысты жырлардың туу тарихы, тәрbiелік мәні.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Білу керек:</p> <ul style="list-style-type: none"> -Қазақ халық ауыз әдебиеті мұраларының мәтінімен танысып, олардың идеялық-естетикалық құндылықтары туралы өзіндік пікір қалыптастырады; <p>Игеру керек:</p> <ul style="list-style-type: none"> -қазіргі фольклортанудың өзекті мәселелерімен таныс болады; -теориялық білімді практикада қолдана білуді үрнеді;
3	Әдебиеттануға кіріспе	3	-	Әдебиет теориясы	<p>Қысқаша сипаттама: «Әдебиеттануға кіріспе» пәнінің мазмұны мен мәні әдебиеттанудың негізгі салалары болып табылатын әдебиеттің тарихы, әдебиеттің теориясы, әдебиеттің сыйны сияқты жеке салалардың өзара бірлігі мен ерекшеліктері туралы..</p> <p>Мақсаты: «Әдебиеттануға кіріспе» пәнінің басты мақсаты студенттерді ғылыми терминдермен, теориялық топшылаулар жүйесімен таныстыру екендігі, сонымен қатар әдебиеттің қоғамдық сананың құрамадас бір бөлігі екендігін таныту.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Білу керек:</p> <p>Игеру керек: -әдебиеттану ғылымын құрайтын ұғымдармен, категориялармен таныстырып, игерту;</p>
3	Әдебиет негіздері	3	-	Әдебиет теориясы	<p>Қысқаша сипаттама: «Әдебиет негіздері» пәнінің мазмұны мен мәні - әдебиеттанудың тіл білімімен, тарихпен, философиямен, мәдениеттанумен, эстетикамен байланыстылығы.</p> <p>Мақсаты: «Әдебиет негіздері» пәнінің басты мақсаты студенттерді ғылыми терминдермен, көркем әдебиеттің әлеуметтік-естетикалық маңызы мен мәні туралы негізгі мәліметтер беру.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Білу керек:</p> <ul style="list-style-type: none"> -әдебиеттану ғылымын құрайтын ұғымдармен, категориялармен танысады; <p>Игеру керек: -әдебиеттану ғылымын құрайтын ұғымдармен, категориялармен таныстырып, игерту; -әдеби даму процесі, оның зандалықтары, көркемдік тәжірибе дәстүрі мен жаңашылдық мәселелерін көркемдік түргыда қабылдай білу;</p>
4	Казіргі қазақ тілінің фонетикасы	5	-	Казіргі қазақ тілінің морфологиясы	<p>Қысқаша сипаттама: Фонетиканың зерттелу тарихы, әріп, буын, ассимиляция, ұнdestіk заңы, фонология ғылым.</p> <p>Мақсаты: Пәнди оқытуудың мақсаты сауатты жазу мен дұрыс сойлеу зандалықтарының негізінде студенттерге тілдің дыбыстық жүйесінен, дауысты, дауыссыз дыбыстардан, қазақ тілінің дыбыстық құрамы мен ерекшеліктерінен, ұнdestіk заңынан, орфөпия мен орфографиядан, сонымен қатар қазақ тілінің фонетикалық даму зандалықтары туралы теориялық түрғыдан жүйелі білім беру болып табылады.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p>

					Білу керек: -казақ тілі дыбыстық жүйесінің зерттелу тарихын; -фонетиканың салаларын, фонетикалық бірліктерді; -фонетикалық зерттеулердегі қолданылатын әдістерді; -фонетикалық және фонологиялық талдау-сипаттамалардың жіктелу ерекшеліктерін. Игеру керек: -тілдік қатысымды ғылыми тұрғыдан жүйелеп, зандылықтарын негіздел оқытатын ғылыми курстың қағидаларын саналы игеріп, тәжірибеде қолдану.
4	Түркі тілдерінің салыстырмалы фонетикасы	5	-	Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы	Қысқаша сипаттама: Фонетиканың өзекті мәселелерін, зерттелу тарихын, әлемдік тіл білімі тарихында алатын орнын айқындауды. Мақсаты: Пәнді оқытуудың мақсаты - үндестік занынан, орфоэпия мен орфографиядан, сонымен қатар қазақ тілінің фонетикалық даму зандылықтары туралы теориялық тұрғыдан жүйелі білім беру болып табылады. Күтілетін нәтиже: Білу керек: -казақ тілінің дыбыс құрамы мен жүйесін дыбыс жасалмы, дыбыс айтылмы, дыбыс естілімі тұрғысынан талдап, сипаттау. Игеру керек: -эксперимент әдістерінің нәтижесінде дәстүрлі фонетикаға енген ұғымдар мен атаулар жүйесін меңгеріп, кәсіптік іс-әрекетте пайдалана білу;
5	Ежелгі дәүір әдебиеті	4	Халық ауыз әдебиеті	XIX ғасыр әдебиеті	Қысқаша сипаттама: Түркі тілді халықтарға ортақ әдебиеттің көп ғасырлық тарихы негізінен үш кезеңге бөліп қарастыру қажеттігі. Бірінші, VI – IX ғасырлардағы көне түркі әдебиетінің ескерткіштері /«Күлтегін», «Білге қаған», «Тонықөк» жырлары, «Корқыт ата кітабы», «Оғызнаме», Эбу Насыр әл-Фарабидың әдеби мұралары/. Екінші, X – XII ғасырлардағы әдебиет /Махмұд Қашқари. «Диуани лұғат ат-түрік», Жүсіп Баласағұн. «Құтадғу біліг»; Ахмед Иүгінеки. «Хабатул – хакайық»; Ахмет Яссави. «Диуани хикмат»; Сүлеймен Бақырган. «Бақыргани кітабы»/. Үшінші, XIII – XY ғғ, яғни Алтын Орда дәүіріндегі әдебиет /Рабғузи. «Рабғузи қиссалары»; «Кодекс Куманикус»; Хорезми. «Мухаббат-наме»; Құтб. «Хұсрау-Шырын»; Сайф Сарай. «Гулистан бит-турки»; Дүрбек. «Жүсіп-Зылиха»; Әбліғазы. «Шежіре-и түрік»; Кадыргали Жалайыри. «Жамиғ-ат тауарих»; Хайдар Дулати «Тарих-и-Рашиди»; Бабыр. «Бабыр-наме»/. Мақсаты: Көне дәүір әдебиеті туралы түсінік беру, танымын қалыптастыру. Күтілетін нәтиже: Білу керек: «Ежелгі дәүір әдебиеті» курсы - казақ елінің тарихы қазіргі түркі тілдес халықтардың қоғамдық, әлеуметтік және рухани өмірімен, тұрмыс - тіршілігімен танысу. Игеру керек: Ежелгі жазба ескерткіштер. XII әдеби ескерткіштер, XIY ғасыр әдебиеті туралы білім алады.
5	XIII-XIY ғасырлардағы казақ әдебиеті	4	Халық ауыз әдебиеті	XIX ғасыр әдебиеті	Қысқаша сипаттама: XIII-XIY ғасырлардағы қазақ әдебиеті негізінен үш кезеңге бөліп қарастыру қажет. «Хұсрау-Шырын»; Сайф Сарай. «Гулистан бит-турки»; Дүрбек. «Жүсіп-Зылиха»; Әбліғазы. «Шежіре-и түрік»; Кадыргали Жалайыри. «Жамиғ-ат тауарих»; Хайдар Дулати «Тарих-и-

					<p>Рашиди»; Бабыр. «Бабыр-наме»/. Мақсаты: Ежелгі дәуір әдебиеті туралы түсінік беру, танымын қалыптастыру.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Білу керек: «ХІІІ-ХІҮ ғасырлардағы қазак әдебиеті» курсы - қазақ елінің тарихы қазіргі түркі тілдес халықтардың қоғамдық, әлеуметтік және рухани өмірімен, тұрмыс - тіршілігімен танысу. Игеру керек: Ежелгі жазба ескерткіштер. ХІІ әдеби ескерткіштер, ХІҮ ғасыр әдебиеті туралы білім алады.</p>
6	Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы	6	Тіл біліміне кіріспе	Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы	<p>Қысқаша сипаттама: Сөздердің лексикалық жүйеде алатын орны, шығу төркіні, қолданылу қабілеті, сөздің құрам мен сөздік қор. Ұғым және сөз. Мақсаты: Пәнді оқытудың мақсаты қазақ тіл білімінің лексикология саласы бойынша тыңдаушыларға жүйелі ғылыми-теориялық білім беру. Күтілетін нәтиже: Білу керек: -Лексикологияның негізгі бірліктерін; -сөздің негізгі ерекшеліктері мен атқаратын қызыметтін; Игеру керек: - Лексикология мен сөзжасам теориясы туралы ғылыми еңбектерді өзбетінше қолдана алу;</p>
6	Сөзтаным	6	Тіл біліміне кіріспе	Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы	<p>Қысқаша сипаттама: Ұғым және сөз. Сөз мағынасының түрлері. Фразеология. Лексикография. Этимология. Мақсаты: Пәнді оқытудың мақсаты қазақ тіл білімінің сөзтаным саласы бойынша тыңдаушыларға жүйелі ғылыми-теориялық білім беру, алған білімдерін практикалық дәрежеде пысықтап, толықтырып отыру болып табылады. Күтілетін нәтиже: Білу керек: -лексикология салаларын – семасиологиясын, фразеологиясын, диалектологиясын, лексикография, этимология және т.б.;</p> <p>Игеру керек: - тіл білімі салалары бойынша менгерген білімдерін тәжірибеде қолдана білу.;</p>
7	Хандық дәуір әдебиеті	5	Халық ауыз әдебиеті	XIX ғасыр әдебиеті	<p>Қысқаша сипаттама: Хандық дәуір әдебиеті кезеңіндегі тарихи-әдеби жағдай. Асан қайғы, Бұқар жырау, Шалқиіз, Мұрат ақын, т.б. жыраулар шығармашылығына тоқталу. Мақсаты: Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет туралы мағлұмат беру. Жыраулар поэзиясының зерттелуі және мәселелерін зерттеу, оқу. Күтілетін нәтиже: Білу керек: - Жыраулардың өмірінен мәлімет беру;</p> <p>Игеру керек: Жырауларлардың өмірі мен шығармашылығына тоқталу. Поззиялық мұрасына әдеби талдау жасай алуға үйренеді.</p>
7	ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы қазақ әдебиеті	5	Халық ауыз әдебиеті	XIX ғасыр әдебиеті	<p>Қысқаша сипаттама: Доспамбет, Бұқар жырау, Қазтуған, Шал ақын, т.б. жыраулар шығармашылығына тоқталу. Мақсаты: ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы қазақ әдебиеті туралы мағлұмат беру. Күтілетін нәтиже: Білу керек: -Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет жайындағы галымдардың айтылған пікіріне сараптама жасай білу;</p> <p>Игеру керек: Жырауларлардың өмірі мен шығармашылығына тоқталу.</p>
8	Көне түркі тілі	5	Тіл	Жалпы тіл	Қысқаша сипаттама: Туркологияның негізгі

			біліміне кіріспе	білімі	мәселелері және оның қазіргі міндеттерімен таныстыру. Мақсаты: Қоғамдың түркі тілдерін, түркі жазба ескерткіштерін зерттеудегі түркологияның алатын орнын түсіндіру. Күтілетін нәтиже: Білу керек: Студенттер бойына қазақ тілінің тарихы, оның тайпалық тілдерден халық тілі, одан ұлт тілі болып қалыптасуы Игеру керек: туыс түркі тілдерінің тарихымен тікеleй байланыстылығы жайлы сенімді көзқарас қалыптастыру.
8	Түркі тілдерінң грамматикасы	5	Тіл біліміне кіріспе	Жалпы тіл білімі	Қысқаша сипаттама: Пәннің оку барысында түркі тілдерінің морфологиялық құрылымының салыстырмалы талдау. Мақсаты: түркі тілдерінің грамматикалық ерекшеліктері мен оның қазіргі және ежелгі тілдердегі даму эволюциясы, түркі тілдерінің негізгі грамматикалық категориялары Күтілетін нәтиже: Білу керек: олардың жалпы ерекшеліктері мен тарихи даму ерекшеліктері, қазіргі түркі тілдері мен диалектілердің тілдік жүйелері, сондай-ақ жазба ескерткіштері тақырыптары қарастырылады. Игеру керек: Түркі тілдерінің грамматикасын игеру.
9	XIX ғасыр әдебиеті	6	Хандық дәуір әдебиеті	XX ғасыр басындағы казақ әдебиеті	Қысқаша сипаттама: XIX ғасыр басындағы қазақ мәдениеті. Діни ағартушылық бағыттағы әдебиет. Ағартушы-демократиялық бағыттағы әдебиет. Мақсаты: XIX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті туралы мағлұмат беру. Күтілетін нәтиже: Білу керек: -XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің өзіндік табигатын менгеру; -XIX ғасырдағы әдебиет үлгілерінің сақталуы, басылым жайы. Қазақ әдебиеті тарихында атамыш дәуір әдебиетінің зерттелуі, ғылыми жүйеге түсіу туралы мағлұмат беру; Игеру керек: -XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің өзіндік табигатын менгереді; -XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің қалыптасу, даму кезеңдері жайлы мағлұмат алады;
9	Ағартушылық бағыттағы әдебиет	6	Хандық дәуір әдебиеті	XX ғасыр басындағы казақ әдебиеті	Қысқаша сипаттама: XIX ғасыр басындағы қазақ мәдениеті. Діни ағартушылық бағыттағы әдебиет. Ағартушы-демократиялық бағыттағы әдебиет. Мақсаты: Ағартушылық бағыттағы әдебиет туралы мағлұмат беру. Күтілетін нәтиже: Білу керек: - Ағартушылық бағыттағы әдебиет үлгілерінің сақталуы, басылым жайы. Қазақ әдебиеті тарихында атамыш дәуір әдебиетінің зерттелуі, ғылыми жүйеге түсіу туралы мағлұмат беру; Игеру керек: -XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті мұраларының мәтінімен танысып, олардың идеялық-эстетикалық құндылықтары туралы өзіндік пікір қалыптастырады;
10	Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы	6	Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы	Қазіргі қазақ тілінің синтаксисі	Қысқаша сипаттама: Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы-қазақ тілінің морфологиялық жүйесіне қатысты грамматикалық мағына, оның түрлері, грамматикалық форма және грамматикалық категориялар. Мақсаты: Пәннің мақсаты- қазақ тіліндегі сөздердің тұлғалық өзгеруі, сөз және оның формалары, оны

					<p>қарастырудың жолдары мен тәсілдері, амалдары туралы студенттерге терең білім беру.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Білу керек:</p> <ul style="list-style-type: none"> -грамматиканың салаларын, сөз таптарының лексика-грамматикалық сипаттарын білу; <p>Игеру керек:</p> <ul style="list-style-type: none"> -Практикада алған теориялық білімдерін сауатты қолдану;
10	Тіл және сөз: жүйе және құрылым	6	Қазіргі казак тілінің лексиколо гиясы	Қазіргі казак тілінің синтаксисі	<p>Қысқаша сипаттама Пәнді оку барысында тілдің жүйе ретінде маңызды жақтары, негізгі мәліметтер жиынтығын беру және оларды лингвистикалық пәндерді оку үшін қажетті ұғымдар мен терминдермен қаруландыру; -логикалық ойлау мен лингвистикалық интуицияны дамытуға үлес қосу; лингвистикалық талдаудың негізгі дағдыларын дамыту, тіл білімінің негізгі мәселелерін, сипаты, тіл мен ойлаудың арақатынасы, тілдің құрылымы мен құрылымы, шығу тегі мен жұмыс істеуі, тілдердің класификациясы менгеру); тілдік жүйенің негізгі ұлгілері, табиғи тілдің шығу тегі туралы гипотеза; Тілдің ішкі құрылымы (жүйелік және құрылымдық ұйым, бірліктердің табиғаты мен функциялары); лингвистикалық ғылымның негізгі сұраптары, жеке деңгейлер мен тіл бірліктерін менгеру тақырыптары қарастырылады.</p> <p>Мақсаты: Пәннің мақсаты- табиғи тілдің адам, қоғам, әлемдік өркениеттің тарихы мен мәдениетімен байланыстарындағы пайда болуының, дамуының және қызмет етуінің жалпы зандалықтарын көрсету; диалектикалық дүниетаным қалыптасуына ықпал ету.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Білу керек:</p> <ul style="list-style-type: none"> -эр сөз табының грамматикалық ерекшеліктерін білу керек; <p>Игеру керек:</p> <ul style="list-style-type: none"> -грамматикалық категорияларға қатысты пікірлердің дүрысын және грамматикалық ұғымдардың тәсілдері мен негізгі әдістерін қолдану.
11	Қазіргі казак тілінің сөзжасамы	5	Қазіргі казак тілінің лексиколо гиясы	Жалпы тіл білімі	<p>Қысқаша сипаттама: Тілдің сөзжасам жүйесі қазақ тілінің сөздік қоры мен сөздік құрамын жаңа сөздер арқылы толықтырып отыратын негізгі тілдік құбылыс болғандықтан, оны тілде жүзеге асыратын сөзжасамдық зандалықтар, амал-тәсілдер екенін таныту көзделеді. Мақсаты: Пәнді оқытудың мақсаты студенттерге сөзжасамға қатысты соны ғылыми енбектерге сүйене отырып негізгі теориялық білім беру болып табылады.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Білу керек:</p> <ul style="list-style-type: none"> -сөзжасамдық негізгі ұғымдары мен зерттелуін; -сөзжасамдық тәсілдерді; -туынды сөздердің ішкі мағыналық құрылымын; -туынды түбірлердің мағыналық байланысын; <p>Игеру керек:</p> <ul style="list-style-type: none"> -сөзжасам теориясы туралы ғылыми енбектерді өзбетінше қолдана алу;
11	Сөзжасамның теориялық мәселелері	5	Қазіргі казак тілінің лексиколо гиясы	Жалпы тіл білімі	<p>Қысқаша сипаттама: Курс мазмұнын қазақ тіл білімінде сөзжасамның дербес сала болып танылуы, ол дәлелденген ғылыми енбектер; сөзжасамның тілдің басқа салаларымен байланысы; сөзжасамдық жұп; сөз таптарының сөзжасамы мәселелерін камтиды.</p> <p>Мақсаты: Пәнді оқытудың мақсаты студенттерге</p>

					<p>сөзжасамға қатысты соны ғылыми еңбектерге сүйене отырып негізгі теориялық білім беру болып табылады.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Білу керек:</p> <ul style="list-style-type: none"> -сөзжасамдық ұя, тізбек, тарам, тип, жұп т.б. ұғымдарды; -сөз таптартының сөзжасамдық ерекшеліктерін білуі керек. <p>Игеру керек:</p> <ul style="list-style-type: none"> -пәнді оку негізінде қалыптастырылған білім, білік, дағдыларын кәсіптік іс-әрекетте ұғымды қолдана білу;
12	Казіргі қазақ тілінің синтаксисі	5	Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы	Жалпы тіл білімі	<p>Қысқаша сипаттама: Қазіргі қазақ тілінің синтаксисі - грамматика теориясының негіздері, синтаксис пәнінің бастау көздері, түркітандудағы синтаксис саласының қалыптасып, жүйеленуі, сонымен қатар қазақ тілі грамматикасындағы зерттеулердің ғылыми-танымдық сипаты қарастырылады. Сөз тіркесі синтаксисі. Жай сөйлем синтаксисі. Сөйлем мүшелері. Құрмалас сөйлем синтаксисі. Мәтін синтаксисі. Құрделі синтаксистік тұлға.</p> <p>Мәқсаты: Пәнді оқытудың мәқсаты қазіргі қазақ тілінің грамматикалық жүйесіндегі ерекшеліктерді, соған сәйкес оларды сипаттаудың методологиялық принциптерін білу болып табылады.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Білуі керек:</p> <ul style="list-style-type: none"> -қазақ тілі грамматикалық жүйесінің зерттелу тарихын; -синтаксистің салаларын, синтаксистік бірліктерді; <p>Игеру керек:</p> <ul style="list-style-type: none"> -теориялық білімдерінің негізінде қалыптастан студенсттердің білік, дағдыларын жұмыс барысында оңтайлы қолдана білуіне мүмкіндік тұғызу;
12	Сөйлем синтаксисі	5	Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы	Жалпы тіл білімі	<p>Қысқаша сипаттама: Сөйлем синтаксисі - синтаксис пәнінің бастау көздері, түркітандудағы синтаксис саласының қалыптасып, жүйеленуі, сонымен қатар қазақ тілі грамматикасындағы зерттеулердің ғылыми-танымдық сипаты қарастырылады. Жай сөйлем синтаксисі. Сөйлем мүшелері. Мәқсаты: Пәнді оқытудың мәқсаты сөйлем синтаксисінің грамматикалық жүйесіндегі ерекшеліктерді, соған сәйкес оларды сипаттаудың методологиялық принциптерін білу болып табылады.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Білуі керек:</p> <ul style="list-style-type: none"> -сөз бен сөздің байланысу тәсілдері мен байланысу формаларын менгеру; -сөйлем түрлері, олардың ерекшеліктерін ажырату, жасалу тәсілдерін талдап, сипаттау. <p>Игеру керек:</p> <ul style="list-style-type: none"> -теориялық білімдерінің негізінде қалыптастан студенсттердің білік, дағдыларын жұмыс барысында оңтайлы қолдана білуіне мүмкіндік тұғызу; -қажетті тілдік әдістемелік білімдерді кәсіптік іс-әрекетте пайдалана білу;
13	XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті	5	XIX ғасыр әдебиеті		<p>Қысқаша сипаттама: XX ғасыр басындағы қазақ мәдениеті. Діни ағартушылық бағыттағы әдебиет. XX ғасырдың басында ғұмыр кешіп, қалам тербереген, осынау құрделі де жауапты тұста ұлт әдебиетінің ауыр жүргін арқалаған талантты ақын-жазушылар мен олардың қөрнекті-қөрнекті</p>

					шығармалары, жалпы әдеби мұралары жөнінде кең көлемді мағлұмнұры берілді. Мақсаты: Қазақ әдебиеті тарихындағы маңызды да күрделі кезең болып табылатын XX ғасырдың сонындағы әдеби процесс пен әдебиет тарихы туралы хронологиялық ұстанымды сақтай отырып, әдебиеттану ғылыминың қол жеткізген бүтінгі табыстары негізінде студенттерге барынша толық, тиянақтай білім беру. Күтілетін нәтиже: Білу керек: <ul style="list-style-type: none">- XX ғасыр басы Қазақ елінің әлеуметтік-экономикалық және рухани-мәдени дамуы жолындағы аса күрделі кезең екендігі; Игеру керек: <ul style="list-style-type: none">- студенттерге кезендей әдебиет ерекшелігін түсіндіру үшін пән аралық байланысқа аса мән беру;
13	Ағартушы-демократиялық бағыттағы әдебиет	5	XIX ғасыр әдебиеті		Қысқаша сипаттама: Ағартушы-демократиялық бағыттағы әдебиет Діни ағартушылық бағыттағы әдебиет. Ағартушы-демократиялық бағыттағы әдебиет. Мақсаты: Ағартушы-демократиялық бағыттағы әдебиеттің даму сипаты туралы, әдеби-эстетикалық, қоғамдық-саяси ойлардың маңызы мен мәні. Күтілетін нәтиже: Білу керек: <ul style="list-style-type: none">әдебиеттің, көркемдік-эстетикалық ой-сана дамуының жағынан мәліметтер білуі керек; Игеру керек: <ul style="list-style-type: none">-казақ әдебиетінің ұлттық ерекшелігі мен шығармагер тұлғалардың дербес ізденістерін айқындау мақсатында өзге ел әдебиеті тарихымен салыстыра сипаттау; т.б.
14	Қазіргі қазақ әдебиеті	3	XIX ғасыр әдебиеті		Қысқаша сипаттама: Қазіргі қазақ әдебиеті-пәні қазақ елінің есу, өркендеу жолындағы аса күрделі кезең болған тарихи дәуірдегі ұлттық әдебиеттің, көркемдік-эстетикалық ой-сана дамуы жағынан мәлімет береді. Мақсаты: Қазіргі қазақ әдебиетінің даму арналарын айқындау, ұлттық сөз өнеріне қосылған көркем шығармаларды талдаудың ғылыми принциптерін теориялық түргыдан дәйекті талдау. Күтілетін нәтиже: Білуі керек: <ul style="list-style-type: none">-тарих пен әдебиет сабактастырын;-әдеби үдерістегі дәстүр мен жаңашылдық мәселесін көркем шығармадан тауып үрненеді; Игеру керек: <ul style="list-style-type: none">-әдеби үдерістегі дәстүр мен жаңашылдық мәселесін көркем шығармадан тауып үрненеді;
14	Тәуелсіздік жылдардағы қазақ әдебиеті	3	XIX ғасыр әдебиеті		Қысқаша сипаттама: Тәуелсіздік жылдардағы қазақ әдебиеті - пәні қазақ елінің есу, өркендеу жолындағы аса күрделі кезең болған тарихи дәуірдегі ұлттық әдебиеттің, көркемдік-эстетикалық ой-сана дамуы жағынан мәлімет береді. Мақсаты: Тәуелсіздік жылдардағы қазақ әдебиетінің даму арналарын айқындау, ұлттық сөз өнеріне қосылған көркем шығармаларды талдаудың ғылыми принциптерін теориялық түргыдан дәйекті талдау. Күтілетін нәтиже: Білуі керек: <ul style="list-style-type: none">-тарихи прозаны талдап, салыстыра зерттеу жұмыстарын жүргізуге қалыптасады; Игеру керек: <ul style="list-style-type: none">-казақ әдебиеті өкілдерінің алдына қойған мақсат-міндеттерін түсіну;
15	Жалпы тіл білімі	5	Тіл біліміне		Қысқаша сипаттама: Тілдің өзіндік табигаты мен мәні, сейлеумен, ойлаумен, қоғаммен

			кіріспе		<p>байланысы, атқаратын қызметі. Тіл білімінің негізгі салалары, басқа ғылымдармен қатынасы, өзіндік орны. Тіл білімінің тарихы, ондағы басты кезендер. Тіл білімі тарихындағы негізгі бағыттар мен мектептер екендігі.</p> <p>Мақсаты: Лингвистикалық ойлау қабілетін қалыптастыратын жалпы методологиялық сипаттағы күрделі мәселелерді түсіну.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Білуі керек: Тіл білімінің басқа қоғамдық жаратылыстарын және техникалық ғылымдар ішінде алатын орнын, олармен байланысын анықтау.</p> <p>Игеру керек: Тіл білімінің даму тарихында қолданылған, қазір қолданып жүрген, жаңадан тұрастаған арнаулы әдістер мен әдістемелердің сырларын ашып беру.</p>
15	Тіл білімінің теориясы	5	Тіл біліміне кіріспе		<p>Қысқаша сипаттама: Тілдің құрылымы, құрылымдық элементтерінің бір-бірімен байланысы, аракатынасы.</p> <p>Мақсаты: Басқа да коммуникативтік құралдар мәселелерін танып білу.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Білуі керек: Тіл білімінің басқа қоғамдық жаратылыстарын және техникалық ғылымдар ішінде алатын орнын, олармен байланысын анықтау.</p> <p>Игеру керек: Тіл теориясының даму тарихында қолданылған, қазір қолданып жүрген, жаңадан тұрастаған арнаулы әдістер мен әдістемелердің сырларын ашып беру.</p>

КӘСІПТЕНДІРУ ПӘНДЕРІ

Таңдаулы пәндер

1	Қазақ тілінің тарихи грамматикасы	3	Тіл біліміне кіріспе	Жалпы тіл білімі	<p>Қысқаша сипаттама: Тарихи лексика. Тарихи фонетика. Дауысты дыбыстар жүйесінің дамуы. Тарихи лексикология. Тарихи фонетика. Тарихи морфология. Тарихи синтаксис.</p> <p>Мақсаты: Пәнді оқытудың мақсаты қазақ тілінің тарихи лексикалық коры мен құрамын, толығу жолдары мен жүйесін, тіл тарихының қалыптасу, кемелдену жолындағы өзгерістердің себебі мен салдарын ғылыми негізде кешенді оқыту болып табылады.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Білуі керек:</p> <ul style="list-style-type: none"> - тілдің дыбыстық сипаты мен грамматикалық құрылымының негіздерін; <p>Игеру керек:</p> <ul style="list-style-type: none"> - өз еркімен зерттеу жүргізе алу; - тілдік талдаудың зерттеу әдістерін;
1	Қазақ грамматикасының даму тарихы	3	Тіл біліміне кіріспе	Жалпы тіл білімі	<p>Қысқаша сипаттама: Ойлау және таным процестерінің байланысы, сана мен тілдің бірлестігі. Сана арқылы таным процесінің көнеюі. Ойлау және таным көңістігі. Тіл және ойлау.</p> <p>Мақсаты: Пәнді оқытудың мақсаты тіл біліміндегі танымдық теорияның ғылыми негіздерін менгеру, оның басты тұжырымдары мен негізгі қағидалары арқылы студенттердің ой-өрісін көнектізу болып табылады.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Білуі керек:</p> <ul style="list-style-type: none"> - когнитология теориясының негіздерін; - таным мен ұғымдар жүйесінің байланысын; <p>Игеру керек: - теориялық талдау жасау;</p>
2	Нормативті казақ тілі	3	Тіл біліміне кіріспе	Жалпы тіл білімі	<p>Қысқаша сипаттама: Фонетика. Орфография. Пунктуация. Лексикология. Сөзжасам.</p>

					Mорфология. Синтаксис. Мақсаты: Осы курстың негізгі мақсаты студенттердің мектеп қабырғасында қазақ тілінен менгерген білім, білік дәрежелерін жүйелі түрде тиянақтай, кешенді талдаудың терең игерту, қазақ тілін практикалық тұрғыда сөйлемдерді дұрыс талдау, талдау жолдарын үйрету. Күтілетін інтиже: Білуі керек: Студенттердің мектеп қабырғасында менгерген білімдерін тиянақтай білуі; сөз мағынасын терең түсіне білуі; дыбыстарды және сөйлемдерді құрамына, құрылышына жалпы грамматикалық сауатты талдай білуі; Игеру керек: Сөйлемдерді дұрыс талдап, практикалық тұрғыдан менгеріп, тіл салаларындағы ілгері білімді игеру, қоғамдық орындарда, зиялды ортада өзін педагогқа лайық ұстау білуге үйрететін сөйлеу этикеттерін, әдеби тіл нормаларын сақтап сөйлеу.
2	Практикалық қазақ тілі	3	Халық ауыз әдебиеті	Қазіргі қазақ әдебиеті	Қысқаша сипаттама: Орфография. Пунктуация. Фонетика. Лексикология. Сөзжасам. Морфология. Синтаксис. Мақсаты: Мақсаты студенттердің мектеп қабырғасында тілден менгерген білім, білік дәрежелерін жүйелі түрде тиянақтай, кешенді талдаудың терең игерту, қазақ тілін практикалық тұрғыда сөйлемдерді дұрыс талдау, талдау жолдарын үйрету. Күтілетін інтиже: Білуі керек: Сөз мағынасын терең түсіне білуі; дыбыстарды және сөйлемдерді құрамына, құрылышына жалпы грамматикалық сауатты талдай білуі; студенттердің мектеп қабырғасында менгерген білімдерін тиянақтай білуі; Игеру керек: Сөйлемдерді дұрыс талдап, практикалық тұрғыдан менгеріп, тіл салаларындағы ілгері білімді игеру, қоғамдық орындарда, зиялды ортада өзін педагогқа лайық ұстау білуге үйрететін сөйлеу этикеттерін, әдеби тіл нормаларын сақтап сөйлеу.
3	Қазақ жазуының тарихы	5	Тіл біліміне кіріспе	Жалпы тіл білімі	Қысқаша сипаттама: Қазақ жазуының тарихы, араб жазуы, көне үйгыр жазуы, латын жазуы, орыс графикасы. Қазақ жазуының тарихына тоқталу. Мақсаты: Көркем ескі мұраларды оку, талдау. Күтілетін інтиже: Білуі керек: -Қазақ жазуының тарихы; - Ескі көне мұралар тарихын; Игеру керек: -көне мұралардағы жазу тарихын;
3	Әліпбидің даму тарихы	5	Тіл біліміне кіріспе	Жалпы тіл білімі	Қысқаша сипаттама: Әліпбидің тарихы, араб жазуы, көне үйгыр жазуы, латын жазуы, орыс графикасы. Қазақ жазуының тарихына тоқталу. Мақсаты: Көркем ескі мұраларды оку, талдау. Күтілетін інтиже: Білуі керек: -Жазуының тарихы; - Ескі көне мұралар тарихын; Игеру керек: -көне мұралардағы жазу тарихын;
4	Шетел әдебиеті	3	-	Қазіргі қазақ әдебиеті	Қысқаша сипаттама: Ортағасырлық қайта өрлеу дәүірі әдебиеті; халық шығармашылығы, өрлеу дәүір әдебиетіндегі адамгершілік арна; 18-19, 20 ғасырдағы шетел әдебиеті. Мақсаты: Шетел әдебиетін оқытудың мақсаты болашақ мұғалімдерді шетел әдебиетінің озық үлгілері арқылы әлем әдебиетінің тарихи, саяси даму кезеңдерінде пайдада болған жанрлармен

					<p>тәнистыру.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Білуі керек: Антикалық дәуір әдебиеті, ежелгі дәуір әдебиетінің маңызы, ортағасырлық қайта өрлеу дәуірі әдебиеті, халық шығармашылығы туралы білуі керек.</p> <p>Игеру керек: Шетел әдебиетінің тарихы туралы ғылыми танымын қалыптастырады, теориялық талдауға үйренеді.</p>
4	Әлем әдебиетінің тарихы	3	-	Қазіргі қазак әдебиеті	<p>Қысқаша сипаттама: Әлем әдебиетінің тарихы, ортағасырлық қайта өрлеу дәуірі әдебиеті; халық шығармашылығы, өрлеу дәуір әдебиетіндегі адамгершілік арна; 18-19, 20 ғасырдағы шетел әдебиеті.</p> <p>Мақсаты: Әлем әдебиетінің әдебиетін оқытудың мақсаты болашақ мұғалімдерді шетел әдебиетінің озық үлгілері арқылы әлем әдебиетінің тарихи, саяси даму кезеңдерінде пайда болған жанрлармен тәнистыру.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Білуі керек: Әлем әдебиетінің тарихы, антикалық дәуір әдебиеті, ежелгі дәуір әдебиетінің маңызы, ортағасырлық қайта өрлеу дәуірі әдебиеті, халық шығармашылығы туралы білуі керек.</p> <p>Игеру керек: Әлем әдебиетінің тарихы туралы ғылыми танымын қалыптастырады, теориялық талдауға үйренеді.</p>
5	Абайтану	3	Хандық дәуір әдебиеті	Қазіргі қазак әдебиеті	<p>Қысқаша сипаттама: Абайтану - курсы студенттердің осы курсты игеру барысында алған білімдерін одан ары қарай тереңдете түсуге үйретеді.</p> <p>Мақсаты: “Абайтану” курсы студенттердің осы курсты игеру барысында алған білімдерін одан ары қарай тереңдете түсуге негіздейді. Күтілетін нәтиже:</p> <p>Білуі керек:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Абай өмір сүрген ортанды, заман көрінісін, қоғамдық жағдайлары білу; <p>Игеру керек: Ақын шығармашылығының нәр алған қайнар бұлактарын білу;</p>
5	Әдеби өлкетану	3	Хандық дәуір әдебиеті	Қазіргі қазак әдебиеті	<p>Қысқаша сипаттама: Әдеби өлкетану пәні, зерттелуі, ақын-жазушылар шығармашылығы.</p> <p>Мақсаты: Арнаулы курс Семей өніріндегі ақын-жазушылар шығармашылығын, олардың шығармашылық қуатын, сол арқылы бүкіл бір халықтың әдеби өміріне жаңа өрнек, тың леп әкелгендігін үйретуді алғы мақсат етіп қояды.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Білуі керек:</p> <ul style="list-style-type: none"> -Тұған өлке топырағында өскен ірі әдебиет тұлғаларының мұраларын зерттеу; Абайдың ақындық дәстүрі мен қазақ әдебиеті тарихын байланыстыра білу; <p>Игеру керек: Абайдың ақын шәкірттері өмірі мен шығармашылығын танып білу - Ұлы Абайданалығын түсінуге алып барап бірден бір сара жол.</p>
6	Қазақ тілін жаңа технологиямен оқыту әдістемесі	5	Колледже оқытылған» Қазақ тілін оқыту» әдістемесі пәні	Өндірістік (педагогикалық практика),	<p>Қысқаша сипаттама: Қазақ тілін жаңа технологиямен оқыту бағытының қалыптасу, мұғалім даярлау жүйесіндегі педагогикалық практиканан өту үшін әдістемелік бағыт беру қарастырылады. Такырыптарды игерудің критерилері толық анықталады (сабактар), оқытудың нақты нәтижелері тізбесінде көрсетіледі (білім беру бағдарламалары аясында игерудің белгілі деңгейімен оқыту мақсаттары);</p> <p>Мақсаты: Ұлттық құндылықтар арқылы жаңаша</p>

					<p>сабак өткізуге дағдыландыру.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Критерийлік бағалау жүйесінің білім беру үрдісіндегі колданысы білім алушылардың жетістіктерін бағалау жүйесін жеке пәннің мақсатты нұсқамаларымен байланыстыруға, сонымен қатар білім алушылардың бастауыш мектептегі құзыреттіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін белгілі параметрлерді (критерийлерді) колдану арқылы анықтап, көтеруге мүмкіндік береді.</p> <p>Білуі керек:</p> <ul style="list-style-type: none"> -әдістеме ғылымының өзекті мәселелерін; -оқытудың принциптері мен міндеттерін; <p>Игеру керек:</p> <ul style="list-style-type: none"> -оқытудың түрлерін; -көрнекті ғалым-әдіскерлердің мұрасын.
6	Қазақ әдебиетін жаңа технологиямен оқыту әдістемесі	5	Колледжде оқытылған» Қазақ әдебиетін оқыту» әдістемесі пәні	Өндірістік (педагогикалық практика)	<p>Қысқаша сипаттама: Қазақ әдебиетін жаңа технологиямен оқыту бағытының қалыптасу, даму тарихын зерттеу, әдебиет пәннің мектептік пәндер жүйесіндегі орны және өзіндік ерекшеліктері; теориялық, методологиялық негіздері; ғылым салаларымен байланыстырылығы; әдебиетті оқыту әдістері; Критерийлік бағалау жүйесінің білім беру үрдісіндегі колданысы білім алушылардың жетістіктерін бағалау жүйесін жеке пәннің мақсатты нұсқамаларымен байланыстыруға, сонымен қатар білім алушылардың бастауыш мектептегі құзыреттіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін белгілі параметрлерді (критерийлерді) колдану арқылы анықтап, көтеруге мүмкіндік береді.</p> <p>Мақсаты: Үлттық құндылықтар арқылы жаңаша сабак өткізуге дағдыландыру.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Білуі керек:</p> <ul style="list-style-type: none"> -әдістеме ғылымының өзекті мәселелерін; -оқытудың принциптері мен міндеттерін; -крийткериді бағалау әдістерін. <p>Игеру керек:</p> <ul style="list-style-type: none"> -оқытудың түрлерін; -көрнекті ғалым-әдіскерлердің мұрасын; -бағалаудың өлшемдік түрлерін игеру керек.
7	Пунктуацияны оқыту әдістемесі	6	Колледжде оқытылған» Қазақ тілін оқыту» әдістемесі пәні	Өндірістік (педагогикалық практика)	<p>Қысқаша сипаттама: Пунктуацияны оқыту әдістемесінің тарихы, әдіс тәсілдері, теориясы.</p> <p>Мақсаты: Пунктуацияны оқытудың әдістәсілдері, сабакта қолдану әдіс-тәсілдерін үйрену.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Білуі керек:</p> <ul style="list-style-type: none"> -Тіл мамандарының орфография мен пунктуация ережелерін, орфография негізгі принциптерін, тіл жүйелі қоғамдық құбылыс болғандықтан, жүргіттың бәріне <p>Игеру керек:</p> <ul style="list-style-type: none"> -Орфография мен пунктуация ережелерін менгеріп жазу тәжірибесін қазақ орфографиясы принциптеріне сүйеніп және осы принциптерге сәйкес жасалған емле қағидаларын дұрыс пайдалануы;

7	Көркем мәтінді оқыту әдістемесі	6	Колледже оқытылған» Қазақ тілін оқыту» әдістемесі пәні	Өндірістік (педагогикалық практика)	Қысқаша сипаттама: Көркем мәтінді оқыту, сатылай кешенді талдау, әдеби-теориялық ұғымдарды оқыту т.б. Мақсаты: Көркем мәтінді оқыту әдістемесі туралы мәлімет беру. Күтілетін нәтиже: Білу керек: -Көркем мәтінді оқыту; - сатылай кешенді талдау. Игеру керек: -Көркем шығарма тілінің лексика-семантикалық қабаттары және олардың қолдану ерекшеліктері;
8	Мектепте әдеби-теориялық ұғымдарды оқыту әдістемесі	5	Колледже оқытылған» Қазақ тілін оқыту» әдістемесі пәні	Өндірістік (педагогикалық практика)	Қысқаша сипаттама: Орта сыныптағы әдеби-теориялық ұғымдарды оқыту Мақсаты: Негізгі мақсаты – студенттерге мектепте әдеби-теориялық ұғымдарды оқыту процесінің ерекшеліктерін теориялық және практикалық түрғыдан менгерту. Күтілетін нәтиже: Білу керек: -әдістеме ғылыминың өзекті мәселелерін; Игеру керек: -теориялық ұғымдарды оқыту технологияларын;
8	Грамматиканы оқыту әдістемесі	5	Колледже оқытылған» Қазақ тілін оқыту» әдістемесі пәні	Өндірістік (педагогикалық практика)	Қысқаша сипаттама: Грамматиканы оқыту әдістемесінің тарихы, әдіс тәсілдері, теориясы. Мақсаты: Студенттерге теориялық білім беріп, сол теориялық түсінікті пайдаланып қазақ тілінің грамматикасының маңызын, әдіс-тәсілдерін, амалдарын, оқушыға қазақ тілінен білім берудің, оны менгертудің жолдарын үйрету. Күтілетін нәтиже: Білу керек: – Тіл білімі жөніндегі материалдардың мазмұнына қарай әдіс-тәсілдерді таңдай білу; Игеру керек: – Әдістемеде қолданылып келген кейбір ереже, анықтама түсініктер, терминдерді нақтылаш, саралап көрсету;

**ТАНДАУЛЫ ПӘНДЕР ТІЗІМІ 6B01707 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру
бағдарламасы үшін тандау курстарының тізімі**

**Оқу түрі- күндізгі, КОБ негізінде
Оқуға түсken жылы – 2020**

№	Пәндер атауы	Пәндер коды	Кредит саны	Семестр
1. Базалық пәндер				
1	Тандау компоненті 1			2
	Тіл біліміне кіріспе	TBK 1212	3	
	Тіл теориясы	TT 1212	3	
2	Тандау компоненті 2			2
	Халық ауыз әдебиеті	HAA 1213	3	
	Фольклористика тарихы	FT 1213	3	
3	Тандау компоненті 3			2
	Әдебиеттануға кіріспе	AK 1214	3	
	Әдебиет негіздері	AN 1214	3	
4	Тандау компоненті 4			2
	Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы	KKTF 1215	5	
	Түркі тілдерінің салыстырмалы фонетикасы	TTSF 1215	5	
5	Тандау компоненті 5			3
	Ежелгі дәуір әдебиеті	EDA 2216	4	
	XIII-XIV ғасырлардағы қазақ әдебиеті	KA 2216	4	
6	Тандау компоненті 6			3
	Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы	KKTL 2217	6	
	Сөзстаным	Soz 2217	6	
7	Тандау компоненті 7			3
	Хандық дәуір әдебиеті	HDA 2218	5	
	XY-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті	KA 2218	5	
8	Тандау компоненті 8			4
	Көне түркі тілі	KTt 2219	5	
	Түркі тілдерінің грамматикасы	TTG 2219	5	
9	Тандау компоненті 9			4
	XIX ғасыр әдебиеті	Ade 2220	6	
	Ағартушылық бағыттағы әдебиет	ABA 2220	6	
10	Тандау компоненті 10			4
	Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы	KKTM 2221	6	
	Тіл және сөз: жүйе және құрылым	TSZhK 2221	6	
11	Тандау компоненті 11			4
	Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы	KKTS 2222	5	
	Сөзжасамның теориялық мәселелері	KKTZhSS 2222	5	
12	Тандау компоненті 12			5
	Қазіргі қазақ тілінің синтаксисі	KKTS 3223	5	
	Қазіргі қазақ тілінің жай сөйлем синтаксисі	STM 3223	5	
13	Тандау компоненті 13			5
	XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті	KA 3224	5	
	Ағартушы-демократиялық бағыттағы әдебиет	ADBA 3224	5	
14	Тандау компоненті 14			

	Қазіргі қазақ әдебиеті	KKA 3225	3	5
	Тәуелсіздік жылдардағы қазақ әдебиеті	TZhKA 3225	3	
15	Тандау компоненті 15			5
	Жалпы тіл білімі	ZhTB 3226	5	
	Тіл білімінің теориясы	TBT 3226	5	
	2. Көсіптендіру пәндері			
1	Тандау компоненті 1			4
	Қазақ тілінің тарихи грамматикасы	КТТГ 2304	3	
	Қазақ грамматикасының даму тарихы	KGDT 2304	3	
2	Тандау компоненті 2			5
	Нормативті қазақ тілі	NKT 3305	3	
	Практикалық қазақ тілі	PKT 3305	3	
3	Тандау компоненті 3			2
	Қазақ жазуының тарихы	KZhT 1306	5	
	Әліпбидің даму тарихы	ADT 1306	5	
4	Тандау компоненті 4			2
	Шетел әдебиеті	ShA 1307	3	
	Әлем әдебиетінің тарихы	AAT 1307	3	
5	Тандау компоненті 5			4
	Абайтану	Aba 2308	3	
	Әдеби өлкетану	AO 2308	3	
6	Тандау компоненті 6			4
	Қазақ тілін жаңа технологиямен оқыту әдістемесі	KTZhTOA 2309	5	
	Қазақ әдебиетін жаңа технологиямен оқыту әдістемесі	KAZhTOA 2309	5	
7	Тандау компоненті 7			5
	Пунктуацияны оқыту әдістемесі	POA 3310	6	
	Көркем мәтінді оқыту әдістемесі	KMOA 3310	6	
8	Тандау компоненті 8			3
	Мектепте әдеби-теориялық ұфымдарды оқыту әдістемесі	MATUOA 2311	5	
	Грамматиканы оқыту әдістемесі	GOA 2311	5	